



«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология колледжі» КММ  
директоры Е.Т.Сейлханов

«31» 108 2018 ж.

## ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ (ОПТ) ЖАЛПЫЛАНДЫРУ МЕН ОҚУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- ҚР «Білім беру туралы» заңы
- 2011-2020 ж.ж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
- ҚР білім және ғылым министрінің 2007 жылдың 29.11-нан бекітілген № 583 бұйрығы, оқу-әдістемелік жұмысты орындау мен ұйымдастыру ережесі;
- ҚР ғылым және білім министрінің 2007 жылдың 21.12-нан бекітілген № 644 бұйрығы, әдістемелік ( оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес және оны сайлау қызметінің үлгілік ережелері;
- ҚР ғылым және білім министрінің 2008 жылдың 16.07-нан бекітілген № 272 бұйрығы, мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, негізгі орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес және оны сайлау қызметінің үлгілік ережелері;
- ҚР ғылым және білім министрінің 2013 жылдың 07.08-нан бекітілген № 323 бұйрығы «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңдестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарты».

2.2. Осы ереже педагогикалық қызметкерлердің тәжірибелерін жалпыландыру бойынша материалдарды дайындау кезінде басшылыққа алынады.

2.3. ОПТ жалпыландыру кезінде педагогикалық тәжірибенің негізіне жататын ойлар, заңдылықтар, механизмдер сипатталып, қол жеткен нәтижелерге мінездеме беріледі, сонымен қатар жұмыстың жеке әдістері мен жолдарының орындалу үрдісіндегі артықшылықтар анықталады.

2.4. ОПТ жалпыландыру педагогикалық қызметкердің ықыласымен немесе колледждің әдістемелік кеңесінің ұсынысы (облыстық деңгей) бойынша өткізіледі.

2.5. Оқытушының колледж директорының атына жазған өтініші жалпыландыруға негіз бола алады. (1қосымша).

### 2.6. Мақсат

Озық педагогикалық тәжірибені жалпыландыру мен тарату, үйрету арқылы анықтайтын педагогикалық ғылым мен тәжірибені дамытуға әсер ететін кәсіби педагогикалық шеберлікті арттыру жүйесін жетілдіру.

### 2.7. Міндеттер



- педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттыру;
- педагогикалық қоғамды ОПТ туралы хабардар ету;
- педагогтарды ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік және ғылыми-зерттеу қызметке ынталандыру мен мотивациялауға жағдай жасау.

3. Озық педагогикалық тәжірибені жалпыландыру процедурасын құру

4. Озық педагогикалық тәжірибеге критерийлер

4.1.Әлеуметтік тапсырысқа, қоғамдық даму үрдістеріне сәйкестілік.

Озық оқытушылар оқыту мен тәрбиелеуге қоғамның талаптарын тез ұғынып, жетілдірудің тиімді жолдарын тауып, осы талаптарға сай педагогикалық үрдістің жаңалануына септігін тигізеді.

4.2.Педагогикалық қызметтің жоғары нәтижелілігі және тиімділігі.

ОПТ оқушылардың жалпы және арнайы оқыту дамуында жоғары білім сапасын, тәрбиелік деңгейінде жақсы өзгерістер көрсетуі қажет.

4.3.Оқу-тәрбие үрдісіндегі нәтижелердің тұрақтылығы.

Тәрбиелеу мен оқытудың жағдайлары өзгерген кездегі көрсетілген нәтижелердің сақталуы, сонымен қатар ұзақ уақыт көлемінде жақсы нәтижелерге қол жеткізу.

4.4.Жаңалық элементтерінің болуы.

Жаңалықтың элементтері ретінде ғылыми жаңалықтың деңгейінде болуы мүмкін, олар – жаңа мазмұн, жаңа формалар, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері, педагогикалық еңбекті жетілдірудің және оның нәтижелерін арттырудың жаңа заңдылықтарын орнату. Сонымен қатар танымал ережелердің тәжірибесінде тиімді қолданылатын және педагогикалық еңбектің жеке тұстарын жүзеге асыру ретінде осы негізде оқу-тәрбиелік үрдісті жетілдіру.

4.5. Өзектілік пен перспективтілігі.

Тәжірибенің өзектілігі пен перспективтілік негізгі екі көзқарастан шығуы тиіс:

Аталған тәжірибе болашақтағы оқу-тәрбие тәжірибесін жетілдіруге арналған колледждің алдына қойылған оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттерін шешуге қандай көлемде әсерін тигізеді;

Аталған тәжірибемен көпшілік тәжірибеде кездесетін қарама-қайшылық пен қиындықтарды шешуге көмектеседі, ғылыми және тәжірибелік мағынасы жағынан тереңірек түсінуге жәрдемдеседі және қол жеткізген нәтижелерді дұрыс бағалайды.

4.7.Репрезентаттық.

Репрезентаттық – бұл:

тәжірибенің уақыт бойынша жеткілікті тексерілуі;

осы тәжірибені пайдалануға алған бір ғана оқытушының емес сонымен қатар барлық оқытушылардың қызметіндегі позитивті нәтижелерді дәлелдеу;

оқытушыдан басқаның тәжірибені қайталаудың және шығармашылық пайдалануы, осы тәжірибенің көпшіліктің арасында таралуы.

4.8. Қазіргі заманғы педагогика мен әдістеменің жетістіктеріне сәйкес келетіндігі, ғылыми дәлелденуі.

Озық педагогикалық тәжірибені жаңа педагогикалық білім

позициясынан сараптау мүмкіндігі болуы қажет. ОПТ оқытушының теориялық шығармашылық ізденісінің нәтижесі болуы мүмкін немесе қате мен сынақ кезіндегі кездейсоқ табыс болуы мүмкін. Бірақ кез келген жағдайда мұндай тәжірибе әрқашанда ғылыми негіз болады. ОПТ көп міндеттерінің бірі болып осындай жағдайға ғылыми түсіндіру беру болып

табылады. Осындай белгілер анықталған жағдайда ғана аталған тәжірибені озық деп есептеуге болады, бірақ содан кейін де аталған белгілер қандай деңгейде екенін тексеру қажет болады.

5. Озық педагогикалық тәжірибені жалпыландырудың түрлері

- оқу бағдарламасының қиын деген бөлімдері бойынша әдістемелік ұсыныстар,
- сабақтар мен аудиториядан тыс іс шаралардың әдістемелік әзірлемелері,
- өзекті мәселелер бойынша әдістемелік құралдар,
- оқу-әдістемелік кешенді және т.б. электрондық материалдар.

6. Озық педагогикалық тәжірибені ұсынудың формалары

- Портфолио,
- Ғылыми-ақпараттық және ғылыми-әдістемелік журналдардағы, конференциялар, семинарлар материалдарындағы және т.б. басылымдар.
- Баяндамалардың, сөйлеген сөздерінің мәтіндері және т.б.
- жобалар,
- оқу-әдістемелік кешен,
- сабақтар мен аудиториядан тыс іс шаралардың әдістемелік әзірлемелері,
- электрондық материал (фото және видео материалдар, презентациялар, флипчарттар),
- тәрбиелік іс шаралардың сценарийлері және т.б.